

ҚАЗАҚСТАН МЕН ҚЫТАЙДЫҢ АГРАРЛЫҚ САЛАДАҒЫ
ЭКСПОРТТЫҚ-ИМПОРТТЫҚ ҚАТЫНАСТАРЫ

ЭКСПОРТНО-ИМПОРТНЫЕ ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСТАНА И КИТАЯ
В АГРАРНОЙ СФЕРЕ

EXPORT-IMPORT RELATIONS OF KAZAKHSTAN AND CHINA
IN AGRICULTURAL SPHERE

С.Т. ЖҰМАШЕВА¹

Э.Ф.К., доцент

А.Е. МҰХАНОВА²

Э.Ф.К.

Ж.Б. СМАҒУЛОВА²

экономика магистрі

¹Қазақ агроөнеркәсіп кешені экономикасы және ауылдық аумақтарды дамыту
ғылыми-зерттеу институты

² Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті

С.Т. ЖУМАШЕВА¹

К.Э.Н., доцент

А.Е. МУХАНОВА²

К.Э.Н.

Ж.Б. СМАГУЛОВА²

магистр экономики

¹ Казахский НИИ экономики АПК и развития сельских территорий

² Кызылординский государственный университет им. Коркыт Ата

S.T. ZHUMASHEVA¹

C.E.Sc., Associated Professor

A.E. MUCHANOVA²

C.E.Sc.

ZH.B. SMAGULOVA²

Master of Economics

¹Kazakh research institute for economics of agro-industrial complex
and rural territories development

² Kyzylorda State University named after Korkyt Ata

Аңдатпа. Қазақстан-Қытай экономикалық, саяси және гуманитарлық ынтымақтастығы бай дәстүрлерге ие және екі тарап үшін перспективалы болып табылады. Қазақстан мен Қытайдың аграрлық азық-түлік нарығындағы экспорттық-импорттық қатынастары қарастырылған. Қазақстан мен Қытай арасындағы аграрлық салада мемлекетаралық сауданың дамуы, ірі инфрақұрылымдық жобаларды әзірлеу, ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу, табиғи және экологиялық өнімдерді жеткізу саласындағы ынтымақтастық, ҚР Алматы және Шығыс Қазақстан облысының ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық аудандарымен (ШҰАР) 2020 жылға дейінгі шекара маңындағы ынтымақтастық бағдарламасы атап өтілді. Өртараптандырылған бағыттар, ҚХР-ға қазақстандық өсімдік және мал шаруашылығы өнімдерін экспорттау көлемін кеңейту қаралды. Логистикалық жүйе саласындағы өзара іс-қимыл, АӨК инвестициялық белсенділік көрсетілді. Дайын өнімді пайдалану теңгерімі бойынша Қазақстанның әлеуетті экспорттық ресурстарына баға берілді, ұлттық нарық сыйымдылығындағы импорттық өнімнің үлесі көрсетілді. Қазақстан мен Қытай ынтымақтастығының келешегі, Қазақстан Республикасы үшін әлеуетті пайдалар көрсетілген.



Аннотация. Казахстанско-китайское экономическое, политическое и гуманитарное сотрудничество имеет богатые традиции и является перспективным для обеих сторон. Рассмотрены экспортно-импортные отношения Казахстана и Китая на агропродовольственном рынке. Отмечены развитие межгосударственной торговли в аграрной сфере между Казахстаном и Китаем, разработки крупных инфраструктурных проектов, сотрудничества в области переработки сельскохозяйственных продуктов, поставки натуральной и экологичной продукции, программы приграничного сотрудничества до 2020 года Алматинской и Восточно-Казахстанской области РК с Синьцзян-Уйгурским автономным районом (СУАР) КНР. Рассмотрены диверсификационные направления, расширение объемов экспорта в КНР казахстанской продукции растениеводства и животноводства. Показаны взаимодействие в сфере логистической системы, инвестиционная активность в АПК. Дана оценка потенциальных экспортных ресурсов Казахстана по балансу использования готовой продукции, показана доля импортной продукции в емкости национального рынка. Отражены перспективы сотрудничества Казахстана и Китая, потенциальные выгоды для Республики Казахстан.

Abstract. Kazakhstan-Chinese economic, political and humanitarian cooperation has rich traditions and is promising for both parties. The export-import relations of Kazakhstan and China in agri-food market are considered. The development of interstate trade in agri sector between Kazakhstan and China, the development of large infrastructure projects, cooperation in processing of agricultural products, the supply of natural and environmentally friendly products, and the program on cross-border cooperation till 2020 in Almaty and East Kazakhstan region of the RK with Xinjiang Uygur autonomous regions (XUAR) PRC are noted. The diversification directions, the expansion of the export volume of Kazakhstan crop production and livestock products to the PRC are considered. The interaction in the field of logistic system, investment activity in AIC are shown. The assessment of potential export resources of Kazakhstan by the balance of using finished products is presented, the share of imported products in national market capacity is shown. The prospects for cooperation between Kazakhstan and China, the potential benefits for the Republic of Kazakhstan are presented.

Түйінді сөздер: сыртқы сауда, экспорттық-импорттық қатынастар, инвестициялық белсенділік, тауар айналымы, индикативтік көрсеткіштер, ішкі тұтыну, логистикалық жүйе.

Ключевые слова: внешняя торговля, экспортно-импортные отношения, инвестиционная активность, товарооборот, индикативные показатели, внутреннее потребление, логистическая система.

Keywords: foreign trade, export-import relations, investment activity, turnover, indicative indicators, domestic consumption, logistic system.

Кіріспе. Жаһандану жағдайында сыртқы сауда мемлекеттің аграрлық секторының дамуына айтарлықтай әсер етеді, бұл дамыған және дамушы елдердің ауыл шаруашылығы өнімдері нарығында жоғары деңгейде протекционизм байқалады. ДСҰ-ға кіру Қытай үшін үлкен сыртқы нарықты ашты, ұлттық экономиканың қарқынды өсуі басталды.

Қазақстан - "Бір белдеу және бір жол" бастамасының негізгі қатысушысы. Статистикаға сәйкес, 2017 жылы Қазақстан мен Қытай арасындағы тауар айналымы \$10,5 млрд құрады, бұл 2016 жылға қарағанда 32,6%-ға жоғары, Қытай экспорты импортқа қарағанда \$1,1 млрд. артық (2017 жылы экспорт \$5,8 млрд., импорт - \$4,7 млрд.), 2016 жылы бұл көрсеткіштер тиісінше \$4,2 млрд. және \$3,7 млрд. құрады.

Қазақстан Республикасының экспорттық мүмкіндіктері Еуразия орталығында -

Еуропа мен Қытай арасында тиімді орналасуымен байланысты, осының арқасында Қазақстан Республикасында ірі инфрақұрылымдық жобалар іске асырылуы мүмкін. Қазақстан "Жібек жолының экономикалық белдеуі" жобасына, халықаралық интеграция процестеріне, әсіресе Еуразиялық өңірде белсенді қатысушы болады. Оны жүзеге асырудың әсері Қытайдан Еуропаға баратын транзиттік жүктердің көлемін 16,3 млн тоннадан 18,1 млн тоннаға дейін арттыруға мүмкіндік береді. Жобаны іске асыру екі елдің экспорттық-импорттық әлеуетін арттыру үшін жаңа мүмкіндіктер ашады және сауда-экономикалық, көлік-логистикалық байланыстарды тереңдетуге ықпал етеді.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында ауыл шаруашылығы бойынша ресми статистикалық ақпарат, Қазақстан Республикасының Қытаймен



сыртқы сауда деректері, ЕАЭО елдерімен экспорт-импорт, Қазақстанның экспорттық саясатының индикативтік көрсеткіштері пайдаланылды.

Қазақстан Республикасы мен Қытайдың экспорттық-импорттық қатынастарын зерттеу кезінде аграрлық салада монографиялық, бағдарламалық-мақсатты, дерексіз-логикалық, сараптамалық бағалау, салыстыру және қорыту, ғылыми абстракция және синтездеу әдістері қолданылды.

Құқық белгілейтін құжаттар ретінде Қазақстан Республикасының Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қытай Халық Республикасының Үкіметі арасындағы Шекара маңы ынтымақтастығының 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасы, Қазақстан және шетел ғалымдарының ғылыми әзірлемелері пайдаланылды.

Нәтижелер және оларды талқылау.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің деректері бойынша 2015-2017 жылдары сыртқы сауданың жалпы көлемінде ауыл шаруашы-

лығы өнімдерінің экспорты мен импортының көлемінің үлес салмағы аз мөлшерде (3,5-4,4%). Ауыл шаруашылығы өнімдері экспортының көлемі 5,6%-ға, импорт көлемі 7,5%-ға өсті. Экспорт құрылымында дәнді дақылдар (бидай, арпа және күріш) – 48,9% және қайта өңдеу өнімдеріне (бидай ұны) – 28,0%-дық ең үлкен үлес салмағы тиселі. 2017 жылы 2015 жылмен салыстырғанда экспортталатын жүннің саны 2,1 және мақта талшығы 1,5 есеге артты. Импорт құрамында құрақ қанты - 17,7%, ет және қосымша ет өнімдері – 16,7%, тоң майлар мен өсімдік майлары – 12,1%, сүт және сүт өнімдері – 9,5% басым болды. Олардың ішінде ең үлкен көлемде құс еті – 165,6 мың т, қойытылған сүт және консервіленген өнімдер - 130,9 мың т, ірімшік және сүзбе – 20,8 мың т және т.б. сатып алынды (1 кесте) [1].

Соңғы уақытта Қазақстан мен ҚХР арасындағы экономикалық қарым-қатынастардың өсуі байқалуда. Ірі экономикасы бар ел ретінде ол Қазақстанға қызығушылық танытады, ал "Бір белдеу және бір жол" бағдарламасы басталғаннан кейін бұл өзара іс-қимыл стратегиялық сипатқа ие болды.

1 кесте - Қазақстанның ҚХР-мен 2015-2017 жж. ауыл шаруашылығы өнімдерінің басым түрлері бойынша экспорттық-импорттық қатынастары

Өнім	2015ж.				2017 ж.			
	Экспорт		Импорт		Экспорт		Импорт	
	мың тонна	млн. АҚШ \$	мың тонна	млн. АҚШ \$	мың тонна	млн. АҚШ \$	мың тонна	млн. АҚШ \$
Еттің барлық түрі	11,8	22,9	35,5	195,2	-	-	-	-
Балықтың барлық түрі	1,1	1,1	0,7	1,1	2,9	3,2	0,5	1,3
Жүн	4,7	4,3	-	-	10,6	6,9	-	-
Картоп			0,4	0,2			6,6	2,5
Жаңа піскен көкөністің барлық түрі			56,5	62,1			70,1	46,1
Цитрустылар			30,7	27,6			24,5	12,5
Жемістер			45,8	39,8			52,6	103,2
Дәнді дақылдар және бұршақ дәнді дақылдар	128,7	3,2	0,4	0,3	306,9	57,5	0,5	0,2
Күнбағыс және рапс майлары	11,9	10,5			35,8	28,7	-	-
Балық консервілері			0,7	1,0			0,4	0,6
Консервілеген көкөніс және томат	0,03	0,03	23,7	21,2	0,06	0,04	25,4	19,4
Консервіленген жемістер			2,5	2,6			2,7	2,4
Шырындар	0,2	0,2	1,3	1,9	0,05	0,02	2,9	3,5
Ескертпе - ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде авторлар құрастырған [қараңыз 1]								

Қазақстанда ауыл шаруашылығы машиналарын жасау дамымағанына байланысты ҚХР өндірісінің машиналар, тракторлар, комбайндар, қайта өңдеу кәсіпо-

рындарына арналған жабдықтар, сондай-ақ инновациялық технологиялар үшін тыңайтқыштар мен гербицидтер әкелінеді (2 кесте).

Жайылымдық мал шаруашылығын (қой, етті мал, жылқы және түйе шаруашылықтарын) дамыту үшін ауыл шаруашылығын пайдалануға босалқы жерлерді тарту негізгі ресурстық әлеует болып табылады. Есептер бойынша бұл жайылымдарда 38 млн қой бағуға болады. Елдің қолайлы климаттық жағдайлары әлемдік нарықта сұранысқа ие бидайдың қатты сорттарының астығын өндіруге мүмкіндік береді, бұл егіс алқаптарын ұлғайтуды және өнімділіктің өсуін талап етеді. Ауыспалы егіс жүйесіндегі жемдік дақылдар үлесін арттыру мал шаруашылығын дамыту үшін сенімді жемдік база құруға мүмкіндік береді. Жоғары құны бар және әлемдік нарықта сұранысқа ие органикалық өнім өндіру мүмкіндігі бар. Бұл артықшылық, ең алдымен, Қазақстан жерлерінде минералдық тыңайтқыштарды, пестицидтер мен гербицидтерді пайдаланудың тарихи төмен деңгейіне байланысты.

АӨК дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында 2021 жылға қарай Қазақстанның экспорттық өнімінің көлемі айқындалған (3 кесте).

Республика жаңа піскен көкөністердің едәуір ресурстарына және пияз, сәбіз, қырыққабат өндірісінде жоғары бәсекелестік артықшылықтарға ие. Зерттеліп отырған кезеңде жаңа піскен көкөністер экспортының көлемі сыртқы нарыққа 24,5-тен 160 мың тоннаға дейін немесе 6,5 есе ұлғайды. Бұл ретте оның экспорттық әлеуеті болашақта 500 мың тоннаға дейін ұлғаюы мүмкін. Қазақстан қолайлы табиғи-климаттық жағдайларда орналасуына байланысты жемістер, жидектер мен жүзім өсіру үшін, атап айтқанда алма өндірісінде жоғары бәсекелестік артықшылықтарға ие.

Соңғы жылдары жемістер, жидектер мен жүзім экспортының көлемі өсу үрдісіне ие. Бес жылдық өсім 8,3 есені құрады. Олардың өндірісіндегі экспорт үлесі 1,8-ден 12,5%-ға дейін артты.

3 кесте - 2021 жылға Қазақстанның экспорттық саясаты бойынша индикативтік көрсеткіштер (мың т)

Өнім	Барлығы	ҚХР	Экспорттағы ҚХР-дың үлес салмағы	ЕАЭО елдері	ТМД елдері (ЕАЭО басқа)	Басқа елдер	ҚХР-дан басқа елдердің үлес салмағы
Сиыр еті	70	30	42,8	30	-	10	57,2
Қой еті	10	4	40,0	-	-	6	60,0
Шошқа еті	10	3	30,0	4	-	3	30,0
Дән	5343	990	18,5	479	2519	1355	81,5
Майлы дәндер	1530	376	24,6	138	412	604	75,4
Күнжара және шрот	321	122	38,0	42	125	32	62,0
Ұн	2000	7	0,35	50	1373	570	99,75
Өсімдік майының барлық түрі	341	190	55,7	20	45	86	44,3
Картоп	212	106	50,0	21	32	53	50,0
Көкөністер	55	28	50,9	5,5	8,3	13,2	49,1

Ескертпе – ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жыолдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының мәліметтері

Республикада майлы дақылдардың, атап айтқанда күнбағыс пен рапстың тұқымдарын сыртқа шығарудың серпінді өсуі байқалады. Мемлкеттік бағдарламада келешекте майлы дақылдар тұқымдарының экспорттық әлеуетін арттыру көрсетілген. 2020 жылға оларды экспорттау 1530 мың тонна көлемде жоспарланып отыр. Негізгі импорттаушылар ЕАЭО елдері (138 мың т), Қытай (376 мың т), басқа елдер (522 мың т) болып табылады.

Экспорттық өнім көлемінің ұлғаюы егістіктерді әртараптандыру және ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымдылығын арттыру, мал басының құрылымында асыл тұқымды мал үлесін арттыру және өнімділіктің өсуі есебінен 2021 жылға өнімнің негізгі түрлерін өндіруден күтілетін өсуімен тығыз байланысты, бұл Қазақстан халқының қамтамасыз етілу деңгейін арттыруға және соңында импорттық тәуелділік үлесін төмендетуге мүмкіндік береді [3].

Аграрная политика: механизм реализации

Қант қызылшасының үлкен тапшылығына (импорт 90%-ды құрайды) байланысты оны ең жоғары қарқынмен (2,4 есе), сондай-ақ майлы дақылдар 1,3 есе және жеміс-жидек пен жүзімді 1,25 есеге өндіру ұлғаяды.

Қазақстан халқының импорттық тәуелділік көрсеткіштері 2021 жылға қарай

төмендейді (4 кесте). Соя бұршақтары мен өсімдік (күнбағыс, рапс, соя, мақсары) майының артық бар болуы осы өнім түрлерінің әлем елдері мен ҚХР-ға экспортын дамыту резерві болып табылады. 2017 жылы 306,9 мың тонна бидай экспортталған, бұл 2015 жылмен салыстырғанда 2,4 есе көп.

4 кесте - Отандық өндіріс есебінен Қазақстан халқының ішкі тұтынуын өніммен қамтамасыз ету деңгейінің өсуі, %

Көрсеткіш	2017	2018	2019	2020	2021
Құс еті	59	64	69	72	74
Ет өнімдері (етке қайта есептегенде)	62	65	68	73	76
Сүт өнімдері (сүтке қайта есептегенде)	78	81	85	89	93
Өсімдік майы	99	120	174	204	217
Көкөністер	91	93	94	96	97
Жеміс-жидектер және виноград	49	53	57	61	66
Жеміс-көкөніс консервілері	24	30	37	42	48
Қант	11	14	18	23	28

Ескертпе – ҚР АӨК дамытудың 2017-2021 жж. жолдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасының мәліметтері

Астық жөніндегі Халықаралық кеңестің деректеріне сәйкес Қытайға жыл сайынғы астық импорты 3-тен 8 млн. т. дейін өзгереді. Бұдан басқа, үкіметтік деңгейде Қытаймен азық-түлік тауарлары саудасы саласындағы екіжақты қатынастарды дамыту Қазақстанның негізгі сыртқы экономикалық басымдықтарының бірі болып табылады.

Қазақстанда логистикалық инфрақұрылымды дамыту бойынша мемлекеттік саясат жүргізілуде. Атап айтқанда, Қазақстанды Қытаймен байланыстыратын екінші темір жол магистраліне айналатын Жетіген-Қорғас темір жол желісі пайдалануға берілді, бұл Қытайға және Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне астықты экспорттық жеткізуді кеңейтуге ықпал етеді. Мәселен, тек 2011-2017 жж. алыс шетелдерге бидай шығару көлемінің өсімі 1,6 млн. т немесе 65% құрады.

Сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерінен сиыр етін жылжыту экспорттың басты басымдылығы болып табылады. Қазіргі уақытта сиыр етін өндіру елдің ішкі нарығының тұтынушылық сұранысын етпен қамтамасыз етуге бағытталған және мал шаруашылығы өнімдерін экспорттау мүмкіндіктері әлі пайдаланылмайды.

Етке деген сұраныс әлемде жоғары екендігін атап өту керек, импорт 25 млн тоннадан асады, оның ішінде еттің әлемдік саудадағы 32%-ына дейін сиыр еті болуы

Қазақстанда осы өнімді жеделдетілген түрде дамытуға әлеует құрайды. Сонымен бірге, Қазақстан еті мұздатылған ет келіп түсетін басқа елдерге қарағанда, төмен шығындармен өндіріліп, жоғары тұтынушылық қасиеттерімен (мәрмәр сиыр еті) сипатталады. Сондықтан Қазақстан үшін Қытай нарығы болашақты болып табылады, онда етке тұтынушылық сұраныс жылына 1,5 млн.т. құрайды. 2017 жылғы азық-түлік тауарлары ресурстарының теңгерімдерін талдау өнімнің осы түрлері бойынша экспорт көлемін арттырудың мүмкін екендігін куәландырады (5 кесте).

Болашақта қазақстандық өнім экспортының бағыттары әртараптандырылады, себебі ЕАЭО елдерінің көпшілігі Ресей мен Беларусь Республикасын қоса алғанда, өздері бидай мен ұн өндірісін ұлғайтады. Ресейде 2018 жылдың қорытындысы бойынша 119 млн тонна астық жиналды, қажеттілік 70,0 млн тоннаны құрайды. Осылайша ҚХР-да экспорттық өнімді ұлғайту үшін нарық құрылады. Қазақстан халқы жоғары қарқынмен өсе алмай-тындықтан (2018 жылы саны 18,3 млн адамды құрайды), ал 2021 жылға қарай 19,0 млн-ға дейін өсуі мүмкін, дайын өнімді пайдаланудың теңгерімі бойынша келтірілген деректер оның белгіленген өсуін ескере отырып, экспорт көлемін, оның ішінде ҚХР-ға кеңейту үшін бағдар бола алады.

[illegible]

Көрсеткіш	Бидай	Жүгері	Күріш	Тары	Сұлы	Өсімдік майы	Ұн	Жарма
Ресурстар – барлығы	26, 8	962,3	765,6	5,0	509,4	589,5	3,8	282,3
Өндіріс	14, 8	784,7	489,5	3,3	284,6	372,6	3,7	215,4
Импорт	0,04	1,2	8,2	0,008	0,2	157,7	0,004	12,5
ТМД елдері	0,04	0,6	6,3	0,008	0,2	136,0	0,004	10,6
Әлемнің басқа елдері	-	0,6	1,9	-	-	21,7	-	1,9
Жыл басындағы қорлар	12,0	176,4	267,9	1,7	224,5	59,2	0,2	16,8
Қолданылуы – барлығы	26, 8	962,3	765,6	5,0	509,4	589,5	3,8	282,3
Ішкі нарықта тұтынылғаны	9, 5	794,5	391,1	2,2	282,0	414,9	1,3	151,1
Экспорт	4,3	35,3	99,0	0,9	10,1	112,9	2,3	114,6
ТМД елдері	3,2	35,2	91,7	0,05	7,7	48,8	0,8	108,5
Әлемнің басқа елдері	1,1	0,14	7,2	0,9	2,4	64,1	1,6	6,1
Жыл басындағы қорлар	13,0	132,5	275,5	1,9	217,3	61,7	0,2	16,6

Ескертпе – ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің ресурстар балансының мәліметтері негізінде құрастырған, 2018 ж.

піскен көкөністер (86%), ет (83%), ал бірқатар өнімдер бойынша айтарлықтай импортты (30-60% және одан да көп) тұтынатынымыз байқалады. Әсіресе, нарық сыйымдылығына жемістер (70%), құс еті (56,8%), шұжық (44,3%), сүт өнімдері (40-50%), консервіленген жемістер мен көкөністер (85-89%) бойынша импорттың жоғары үлесі бар (6 кесте).

Азық-түлік қауіпсіздігі деңгейінде нан өнімдерін (100%), картоп (95%), жаңа

Өнім	Ұлттық нарық сыйымдылығы, мың т	Нарық сыйымдылығындағы импорттың үлесі, %		
		Барлығы	Оның ішінде ҚХР	ЕАЭО елдерінен
Ет, барлығы	1176,4	16,4		2,1
в о.і. құс еті	346,1	49,9		6,2
Сары май	22,8	27,6		21,7
Ірімшіктер	43,0	46,3		34,9
Жемістер	857,8	67,9	9,4	4,6
Көкөністер	3983,5	9,4	1,8	1,1
Өсімдік майы	404,7	39,0		52,1
Маргарин	80,5	36,5		30,9
Қант	470,2	38,9		6,4
Қант шикізаты	354,4	93,3		1,2
Макарондар	178,1	22,2	1,1	9,8
Шұжықтар	72,6	44,3		43,7
Ет консервілері	13,0	45,4		44,6
Көкөніс консервілері	115,8	96,4	22,8	10,3
Жеміс консервілері	36,7	97,8	10,5	54,5
Ескертпе – ҚР ҰЭМ Статистика Комитетінің мәліметтері негізінде құрастырған				

Қазіргі уақытта Қазақстанның аграрлық секторында Қытаймен 1,7 млрд. долларға 19 жоба жүзеге асырылады. Бұл жобалардың 12-сі - Шығыс Қазақстан және Алматы облыстарында. Бұл жобалар логистика тұрғысынан ыңғайлы, өйткені бұл жалпы Қазақстан мен Қытай мемлекет-терінің арасында шекарасы бар аса маңызды өңірлер; бірқатар бірлескен инвестициялық жобалар, оның ішінде рапс майын, етті, қызанақты және басқа да ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу саласында. Бұдан басқа, ірі қытайлық "Citic Group" компаниясымен ынтымақтастық шеңберінде астық пен бидай сабанын қайта өңдеу бойынша екі ірі жобаны жүзеге асыру бойынша дайындық жұмыстары жүргізілуде. Қазақстандық өнімдер Қытай нарығына "Jumoge" электрондық сауда алаңы арқылы қол жетімді, Астана қаласында орналасқан көпфункционалды орталық, оған логистикалық хаб, тараптар арасындағы транзакцияларды қамтамасыз ету үшін қаржы орталығы мен сауда орталығы кіреді, сондай-ақ клиенттерге сертификаттау және кедендік тазау қызметтері ұсынылады. Қазақстан дәнді және майлы дақылдардың, ұнның, еттің, өсімдік майының, кондитерлік өнімдердің, сусындардың экспортын арттыру бойынша айтарлықтай әлеуетке ие. Ел Қытай нарығында табиғи және экологиялық өнімді жеткізуші ретінде өз орнын алуы мүмкін. "Батыс Марка Ламб" ЖШС, "Green Plant" ЖШС, "Чжен Агротехнолоджи Ко.Лтд" (ҚХР) арасында ҚХР-да қуаттылығы 30 мың бас ұсақ қара малды бір мезгілде күтіп-бағу және бордақылау одан әрі сою және мұздатылған қой етін экспорттайтын қазіргі заманғы бордақылау алаңы құрылысының бірлескен жобасының меморандумына қол қойылды [4].

Келісім шеңберінде қазақстандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер ҚХР-ға 200 мың тонна дәнді және 100 мың тонна майлы дақылдар жеткізеді, сондай-ақ шекара маңы аймағында жоғарыда аталған дақылдарды сақтауға арналған терминал құрылады.

Қазақстан өзара сауда құрылымын жақсартуға, экспортта дайын тауарлардың үлесін арттыруға және импортта төмендетуге мүдделі, бұл әріптес елдердің инфрақұрылымын дамытуға ықпал ететін болады, отандық экспорттаушылардың көліктік және басқа да шығындарын қысқартуға, қазақстандық өнімнің экспортқа бәсекеге қабілеттілігін арттыруға мүмкіндік береді.

Жобаға қатысушылар үшін қолдау шарттары ұсынылады: мал басын, техника мен жабдықтар сатып алуға, жайылымдардың инфрақұрылымын құруға фермерлік шаруашылықтарды жеңілдікпен несие-леу; бордақылау алаңдарының айналым қаражатын толықтыруды қаржыландыру; инвестициялық салымдарды субсидиялау. Осыған ұқсас бағдарламалар сүтті мал шаруашылығын, құс шаруашылығын және шошқа шаруашылығын дамыту бойынша да әзірленген.

Өсімдік шаруашылығы саласының тиімділігін арттыру үшін дәл егіншілік және әртараптандыру технологиясын енгізу жөнінде шаралар қабылданатын болады. Әлемдік нарықта сұранысқа ие дәнді-бұршақты және майлы дақылдардың егіс алқаптары ұлғаюда. Суармалы егіншілікті дамытуда үлкен резерв бар. 2021 жылға қарай суармалы жерлердің жалпы көлемін 1,4 млн гектардан 2 млн гектарға дейін жеткізу көзделуде.

Инвестициялық қызметті қолдау үшін арнайы салық және кедендік режимдер әзірленді, оның ішінде 10 жылға дейінгі мерзімге корпоративтік салықты, 8 жылға дейінгі мүлік салығын әкелінетін жабдық пен шикізатқа кедендік баждардан босату [5].

Қазақстан өзінің орналасқан жерін ескере отырып, бірқатар ірі инфрақұрылымдық жобаларды әзірлейді: Қытаймен шекарадағы Қорғас құрлық порты, Каспий теңізіндегі Ақтау порты, "Батыс Еуропа — Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі [қараңыз 5].

2015 жылы шекара маңы ынтымақтастығының 2015-2020 жылдарға арналған бағдарламасы қабылданды, онда Қазақстан Республикасының Алматы және Шығыс Қазақстан облыстарының ҚХР Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданымен (ШҰАР) ынтымақтастығын дамыту жөніндегі негізгі бағыттар айқындалды.

Қазақстан-Қытай тауар айналымы аграрлық өнімдермен өте төмен деңгейді көрсетіп отыр. Дегенмен, Қытайда оны тұтыну серпіні, сондай-ақ Қазақстан нарығында тұтыну тауарлары мен азық-түлікті өткізудің агрессивті саясатын жүргізу аясында ауыл шаруашылығы өнімдерінің жеткіліксіз өндірісі сауданың осы бағытын дамыту үшін мүмкіндіктердің бар екенін куәландырады. Бұл ретте ұлттық тауар өндірушілердің мүдделерін қорғау керек.

Аграрлық азық-түлік өзара қарым-қатынастарын және оларға қол жеткізу жөніндегі стратегиялық мақсаттарды дамытудың бір маңызды бөлігі қосылған құнның

малы талдауы// Қолданбалы және іргелі зерттеулердің халықаралық журналы. - 2016.- №12.- Б. 754-757.

5 Сұлтанғалиева А. Қазақстан және оның көршілері: мүмкіндіктер мен шектеулер.- Астана-Алматы: ИМЭП, 2015.- 68 б.

6 ҚР Премьер-Министрінің 25 желтоқсан 2012 жылғы №231-р бұйрығы "Қазақстан - Жаңа Жібек жолы" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары» [Электрондық ресурс].- 2013.- URL:<http://www.adilet.zan.kz> (қаралған күні: 10.02.2018).

7 Қытай бесжылдық жоспары. [Электрондық ресурс].- 2017.- URL: <https://prometej.info/blog/ekonomika/kitajskij-pyatiletnij-plan-obshij-vid> (қаралған күні: 20.06. 2018).

8 Қытайдың мемлекеттік имиджі туралы баяндама/Шет тілдерде әдебиеттерді шығару және тарату істері жөніндегі ҚХР басқармасы //Шелковый путь-ревю. – 2018.- №2.- С. 22-24.

Әдебиеттер тізімі

1 ҚР ҰЖМ Статистика комитетінің статистикалық деректері. 2012-2016 жж. сыртқы сауда. [Электрондық ресурс].- 2018.- URL:<http://www.stat.gov.kz>. (қаралған күні: 18.07.2018).

2 Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің ресми интернет қоры [Элек-

tronдық ресурс].- 2018.- URL:<http://www.minagri.gov.kz>. (қаралған күні: 12.05.2018).

3 Moldashev A.B. Қазақстанның АӨК: даму мәселелері және оларды шешу жолдары //Agrarлық нарық проблемалары. – Алматы. -2016. - №3.- Б. 7-13.

4 Grivanov R.I., Gao Juan', Li Chzhjen'. ҚНР Сыртқы экономикалық саясатының векторлары: даму бағамдарының салыстырмалы талдауы// Қолданбалы және іргелі зерттеулердің халықаралық журналы. -2016.-№12.- Б. 754-757.

5 Сұлтанғалиева А. Қазақстан және оның көршілері: мүмкіндіктер мен шектеулер.- Астана-Алматы: ИМЭП, 2015.- 68 б.

6 ҚР Премьер-Министрінің 25 желтоқсан 2012 жылғы №231-р бұйрығы "Қазақстан - Жаңа Жібек жолы" жобасын іске асыру жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспары» [Электрондық ресурс].-2013.-URL:<http://www.adilet.zan.kz> (қаралған күні: 10.02.2018).

7 Қытай бесжылдық жоспары. [Электрондық ресурс].- 2017.- URL: [https://prometej.info/blog/ekonomika / kitajskij-pyatiletnij –plan -obshij-vid](https://prometej.info/blog/ekonomika/kitajskij-pyatiletnij-plan-obshij-vid) (қаралған күні: 20.06. 2018).

8 Қытайдың мемлекеттік имиджі туралы баяндама/Шет тілдерде әдебиеттерді шығару және тарату істері жөніндегі ҚХР басқармасы //Шелковый путь-ревю. – 2018.- №2.- С. 22-24.